

## Павлодар қаласы, Кенжекөл ауылдық округінің Кенжекөл ауылы көшелеріне атаулар беру туралы

Павлодар облысы Кенжекөл ауылдық округ әкімінің 2012 жылғы 16 мамырдағы N 44 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қалалық Әділет басқармасында 2012 жылғы 30 мамырда N 12-1-186 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің Кенжекөл ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙМЫН**:

1. Павлодар қаласы, Кенжекөл ауылдық округінің Кенжекөл ауылы жаңа көшелеріне қосымшаға сәйкес атаулар берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын өзімнің бақылауыма қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Округ әкімі</i> Павлодар округі 16	<i>C. Бектұрғанов</i> қаласы әкімінің мамырдағы N	Кенжекөл жылғы 44	ауылдық шешіміне
көсімш			

## Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің Кенжекөл ауылы көшелерінің атаулары

- |    |   |   |               |         |           |         |
|----|---|---|---------------|---------|-----------|---------|
| 1) | N | 1 | көшеге        | –       | Желтоқсан | көшесі; |
| 2) | N | 2 | көшеге        | –       | Болашақ   | көшесі; |
| 3) | N | 3 | көшеге – Ақсу | көшесі. |           |         |